

2.2 Әдістемелік кеңестер

Мақсаты:

Педагогтардың кәсіби шеберлігін арттыру.

Оқу-тәрбие процесін жақсарту, инновациялық технологияларды енгізу.

Балабақшадағы білім беру үдерісінің сапасын арттыру.

Міндеттері:

Педагогтардың біліктілігін арттыруға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру.

Жаңа педагогикалық технологияларды зерделеу және енгізу.

Оқу-тәрбие жұмысының әдістері мен мазмұнын жетілдіру.

Әдістемелік кеңес жоспары

Іс-шараның Мақсаты	Күн тәртібінде	Өткізілу мерзімі	Жауапты тұлғалар
1. Жаңа оқу жылындағы әдістемелік қызметтің басым бағыттарын айқындау	- Жаңа оқу жылындағы мақсаттар мен міндеттерді нақтылау - Оқу бағдарламасындағы өзгерістермен таныстыру - Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру жолдарын айқындау - «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтарын іс-шараларда интеграциялау	Қыркүйек, 2025 ж	Әдіскер
Педагогтардың өз білімін жетілдіру жоспарының орындалуы туралы пікірталас	Жоспардың орындалуы туралы	Қазан, 2025 ж	Әдіскер, тәрбиешілер
3. Қысқы кезеңдегі оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру. Серуен және денсаулық сақтау шараларын меңгеру	- Қыс мезгілінде қауіпсіздік пен денсаулықты сақтау - Қимылды ойындар мен серуен түрлерін талдау - Тәуелсіздік пен отаншылдық айының маңызы, бала бойында отанға сүйіспеншілікті орнату мен педагог құндылығы байланысы	Желтоқсан, 2025 ж	Медбике, әдіскер
4. Ойын арқылы баланың шығармашылық қабілетін дамыту	- Танымдық, қимылды, сюжеттік ойындарды талдау - Ойын ортасын құрудың тиімді жолдарын қарастыру	Ақпан, 2026 ж	Әдіскер, тәрбиешілер
5. Жылдық оқу-тәрбие жұмысын қорытындылау. Педагогтің кәсіби дамуындағы жетістіктері мен қиындықтарын айқындау	- Әдістемелік жұмыстың нәтижесін саралау - Педагогтердің рефлексиясы - Жаңа оқу жылына ұсыныстар	Сәуір, 2026 ж	Әдіскер, меңгеруші

Хаттама №1 «Жаңа оқу жылындағы әдістемелік қызметтің басым бағыттарын айқындау» әдістемелік отырысы

Өткізілген күні: 25.09.2025

Қатысқандар: 8

Күн тәртібі:

- Жаңа оқу жылындағы мақсаттар мен міндеттерді нақтылау
- Оқу бағдарламасындағы өзгерістермен таныстыру
- Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру жолдарын айқындау
- «Адал азамат біртұтас тәрбие» бағдарламасының құндылықтарын іс – шараларда интеграциялау

Отырыстың барысы:

1. Бірінші мәселе бойынша:

Әдіскер Салтанат Болатқызы: -Жаңа оқу жылындағы балабақшаның негізгі мақсаты – баланың жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту, денсаулығын нығайту және балабақшаның оқу жылына дайын екенін атап өтті. Биылғы жылдың басым бағыттары ретінде:

- Ойын арқылы оқыту технологияларын белсенді енгізу;
- Балалардың сөйлеу тілін дамыту және коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру;
- Ата-аналармен серіктестік қарым-қатынасты нығайтудың жаңа формаларын қолдану ұсынылды.

2. Екінші мәселе бойынша:

Тәрбиеші Бақыт Жолдасқалиқызы жаңа оқу жылындағы нормативтік-құқықтық құжаттарға шолу жасады. Күн тәртібінің икемділігі және вариативті компоненттің балалардың қызығушылығына сай таңдалуы туралы ақпарат

Хаттама №2 «Педагогтардың өз білімін жетілдіру жоспарының орындалуы туралы пікірталас» әдістемелік отырысы

Өткізілген күні: 16.10.2025

Қатысқандар: 8

Күн тәртібі: Жоспардың орындалуы туралы

Отырыстың барысы:

1. Педагогтардың өз білімін жетілдіру жоспарларының аралық орындалу барысы (есептер мен таныстырылымдар).
2. Өз білімін жетілдіру тақырыптарын практикада қолдану: жетістіктер мен кездескен қиындықтар (пікірталас).
3. Педагогтардың кәсіби портфолиосын цифрландыру және заманауи ресурстарды пайдалану мәселесі.

Отырыстың барысы:

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Бірінші мәселе бойынша:

Әдіскер Салтанат Болатқызы сөз сөйлеп, педагогтардың оқу жылының басында бекітілген жеке даму жоспарларының орындалу деңгейіне тоқталды. Ол тәрбиешілердің таңдаған тақырыптары бойынша теориялық материалдар жинақтап, папкаларын толтыру деңгейіне мониторинг жасалғанын хабарлады.

2. Екінші мәселе бойынша:

Пікірталас форматында тәрбиешілер М Қайырбекқызы сөз алды. Өз білімін жетілдіру. Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балалардың ұсақ моторикасын дамыту» бойынша жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде топтағы балалардың саусақ ойындарына қызығушылығы артқанын айтты. Сонымен қатар, кейбір педагогтар әдістемелік әдебиеттердің тапшылығы мен жаңа технологияларды;

мысалы: роботехника элементтері енгізудегі техникалық қиындықтарды ортаға алмасты.

3. Үшінші мәселе бойынша:

АТ-технологияларға жауапты маман немесе тәжірибені тек қағаз жүзінде емес, бейнероликтер мен фото-есептер арқылы тарату жолдары көрсетілді.

ШЕШІМ:

Педагогтердің өз білімін жетілдіру бойынша атқарылған жұмыстары «қанағаттарлық» деп танылсын

2. Пікірталас барысында айтылған қиындықтарды шешу мақсатында Әдістемелік кабинеттегі жаңа әдебиеттер тізімі жаңартылсын және өзара тәжірибе алмасу үшін « Ашық есік» күндері ұйымдастырылсын.

3. Әр педагог оқу жылының соңына дейін өз білімін жетілдіру тақырыбы бойынша жинақталған материалдарды цифрлық форматқа (презентация немесе видео-кейс) өткізуі міндеттелсін

Төрайымы Жамаманова.С.Б.

Хатшысы Қыдырова В



Хаттама №3 «Қысқы кезеңдегі оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру»

әдістемелік отырысы

Өткізілген күні: 18.12.2025

Қатысқандар:8

Күн тәртібі:

1. Қыс мезгілінде қауіпсіздік пен денсаулықты сақтау.
2. Қимылды ойындар мен серуен түрлерін талдау.
3. Тәуелсіздік пен отаншылдық айының маңызы, бала бойында отанға сүйіспеншілікті орнату мен педагог құндылығы байланысы.

Отырыстың барысы:

1-Мәселе бойынша : Қыс мезгілінде қауіпсіздік пен денсаулықты сақтау: Отырыс барысында тәрбиешілерге балаларды қыс мезгілінде киіндіру, жылы ұстау, серуен кезіндегі қауіпсіздік ережелері, сырғанаудан, суық тиюден қорғау шаралары кеңінен түсіндірілді. Медбике тарапынан қысқы инфекциялық аурулардың алдын алу бойынша арнайы ұсыныстар айтылып, тұмау, ЖРВИ, ангина сияқты маусымдық аурулардың симптомдары мен алдын алу жолдары егжей-тегжейлі баяндалды. Балалардың таза ауада серуендеуі мен бір уақыттағы белсенділігі олардың иммунитетін нығайтуда шешуші рөл атқаратыны айтылды. Әр топта күнделікті денсаулық мониторингі жүргізіліп, балалардың денсаулық көрсеткіштері тіркеліп отыруы керектігі айтылды.

2-Мәселе бойынша : Қимылды ойындар мен серуен түрлерін талдау: Қысқы мезгілдің ерекшеліктеріне сай балалардың физикалық белсенділігін арттыру мақсатында ашық ауада ойналатын ұлттық және қимыл-ритмдік ойындардың түрлері қарастырылды. «Аққала құрастыру», «Қармен жарыс», «Шанамен сырғанау» секілді ойындар мысалға алынды. Тәрбиешілер қысқы ойындар кезінде қолданылатын құрал-жабдықтардың қауіпсіздігі мен жас ерекшеліктеріне сәйкестігіне мән беруі қажеттігі айтылды. Сонымен қатар, педагогтардың серуен уақытында балалардың эмоциялық көңіл күйін бақылап, оларға жағымды ахуал қалыптастыру жолдарын қолдануы ұсынылды. Серуен барысында экологиялық тәрбие элементтерін (қар тазалау, табиғатты бақылау) енгізу ұсынылды.

3-Мәселе бойынша: Тәуелсіздік пен отаншылдық айының маңызы: Желтоқсан айы – Тәуелсіздік мерекесімен ерекшеленетін маңызды кезең. Осыған байланысты, тәрбиешілерге бала бойында отанға деген сүйіспеншілікті

Хаттама №4 «Ойын арқылы баланың шығармашылық қабілетін дамыту» әдістемелік отырысы

Өткізілген күні: 26.02.2026 ж

Қатысқандар:8

Күн тәртібі:

- Танымдық,қимылды,сюжеттік ойындарды талдау
- Ойын ортасын құрудың тиімді жолдарын қарастыру

Отырыстың барысы:

1. Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылығын дамытудағы ойын технологияларының рөлі (баяндама).
2. Топтардағы шығармашылық аймақтардың (өнер, театр, музыка) жабдықталуын талдау.
3. «Шығармашылық — шексіз әлем» атты практикалық ойын-жаттығулар мен шеберлік сағаттарын ұйымдастыру.

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Бірінші мәселе бойынша:

Тәрбиеші Венера Амангелдіқызы мектеп жасына дейінгі баланың тұлғалық дамуында ойынның басты іс-әрекет екенін атап өтті. Ол дидактикалық, сюжеттік-рөлдік және саусақ ойындары арқылы баланың қиялын, ойлау жүйесін және креативтілігін қалай дамытуға болатыны туралы әдістемелік кеңестер берді. Ойын барысында баланың стандартты емес шешімдер қабылдауына жағдай жасау керектігі айтылды.

2. Екінші мәселе бойынша:

Әдіскер Салтанат Болатқызы топтардағы заттық-дамытушы ортаға жасалған мониторинг қорытындысын таныстырды. Кейбір топтарда театрландырылған ойындарға арналған реквизиттердің аздығы, ал кейбірінде бейнелеу өнеріне

арналған дәстүрден тыс материалдардың (мақта таяқшалары, жіптер, табиғи материалдар) жеткілікті екені сөз болды. Шығармашылық ортаны баланың еркін қол жеткізуіне ыңғайлы етіп жасақтау ұсынылды.

3. Үшінші мәселе бойынша:

Тәжірибелі тәрбиешілер арасында «Ойын арқылы қалай қызықтыруға болады?» деген тақырыпта шағын коучинг өтті. Педагогтар дәстүрден тыс сурет салу техникаларын ойын элементтерімен ұштастыру жолдарын көрсетті (мысалы, «сиқырлы дақтар», «тірі сызықтар»). Әр тәрбиеші өз тобында қолданатын тиімді ойын түрімен бөлісті.

ШЕШІМ:

1. Ойын технологиялары оқу-тәрбие үрдісінің ажырамас бөлігі ретінде барлық топтарда белсенді қолданылсын. Тәрбиешілер күнделікті жоспарға баланың шығармашылығын шыңдайтын кемінде 2-3 жаңа ойын түрін енгізсін.
2. Топтардағы шығармашылық орталықтар (бұрыштар) 15 күн ішінде қайта жаңартылсын.* Орталықтарды жабдықтауға ата-аналарды тарта отырып, «Қолөнер бұрышына» қажетті қалдық және табиғи материалдар жинақталсын.
3. «Үздік шығармашылық ойыншық» немесе «Ең үздік театр бұрышы» байқауы ұйымдастырылсын. Байқау нәтижесі келесі әдістемелік кеңесте қорытындыланып, белсенді педагогтар марапатталсын.

Төрайым  Жолмаманова.С.Б.

Хатшы  Кадирова В

Хаттама №4

«Жылдық оқу –тәрбие жұмысын қорытындылау.Педагогтің кәсіби дамудағы жетістіктері мен қиындықтарын айқындау» әдістемелік отырысы

Өткізілген күні: 23.04.2026

Қатысқандар:7

Күн тәртібі:

-Әдістемелік жұмыстың нәтижесін саралау

-Педагогтердің рефлексиясы

-Жаңа оқу жылына ұсыныстар

1. 2025-2026 оқу жылындағы жылдық жұмыс жоспарының орындалуы туралы есеп (мониторинг қорытындысы).

2.Педагогтардың кәсіби дамуындағы жетістіктері мен кездескен қиындықтарын талдау (өзін-өзі бағалау).

3. Жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспарын талқылау және бекіту.

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Бірінші мәселе бойынша:

Әдіскер Салтанат Болатқызы оқу жылының қорытындысы бойынша есеп берді. Ол балалардың білім, білік және дағдыларының даму деңгейіне жасалған мониторинг нәтижелерін таныстырды. Жыл басымен салыстырғанда балалардың танымдық және коммуникативтік дағдыларының 15-20%-ға артқанын атап өтті. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер мен мерекелік іс-шаралардың жоспарға сай толық орындалғанын хабарлады.

2. Екінші мәселе бойынша:

Педагогтардың кәсіби дамуы туралы пікірталас өтті.

Жетістіктер: Тәрбиешілердің біліктілік санаттарының көтерілуі, қалалық және облыстық байқауларға қатысу белсенділігі, цифрлық сауаттылықтың артуы (электронды портфолио, дидактикалық материалдар жасау).

Қиындықтар: Кейбір жас мамандардың балалармен жеке жұмыс жүргізудегі әдістемелік дағдыларының жеткіліксіздігі, ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс істеудегі тәжірибенің аздығы сөз болды.

3. Үшінші мәселе бойынша:

Оқу жылының аяқталуына байланысты жазғы сауықтыру кезеңінің жоспары таныстырылды. Жаз айларында негізгі акцент балалардың денсаулығын нығайтуға, таза ауадағы ойындарға және шынықтыру шараларына қойылатыны айтылды. Қауіпсіздік ережелерін сақтау бойынша нұсқаулық берілді.

ШЕШІМ:

1. 2025-2026 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысының қорытындысы «жақсы» деп есептелсін. Жылдық жоспардың орындалуы бекітілсін.
2. Педагогтардың кәсіби дамуын қолдау мақсатында: келесі оқу жылының жоспарына «Инклюзивті білім беру» және «Жас мамандар мектебі» бойынша коучингтер мен семинарлар көбірек енгізілсін. Озық тәжірибелі тәрбиешілердің жұмысы насихатталсын.
3. Жазғы сауықтыру кезеңінің жоспары бекітілсін. Барлық топ тәрбиешілеріне жазғы кезеңде балалардың өмірі мен денсаулығына жауапкершілік жүктелсін және күн тәртібінің икемділігі қамтамасыз етілсін.

Төрайым

Хатшы

